

Түркістан облысы білім басқармасының
Келес ауданының білім бөлімі
№3 «Көркем» бөбекжай бақшасы

**«Біртұтас тәрбие
бағдарламасы» негізіндегі
ЖОСПАР**

Абай ауыл
2024-2025 оқу жылы

Бекітемін:
МКҚК №3 «Көркем»
бөбекжай балабақшасының
менгерушісі: Ж.Абдикаримова
2024ж

Қазақстан Республикасының заңнамасына, Мемлекет басшысының және
Үкіметтің тапсырмаларына, сондай-ақ Қазақстан Республикасында мектепке
дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029
жылдарға арналған жаңартылған тұжырымдамасының негізгі ережелеріне,
білім беру саласының стратегиялық және бағдарламалық құжаттарына сәйкес
мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінде 2024-2025 оқу жылының
ӘЖЕЛЕР, ӘКЕЛЕР ЖӘНЕ АНАЛАР МЕКТЕБІ ЖОСПАРЫ

№	Жұмыс мазмұны	Жұмыс түрі	Уақыты	Жауапты адам
1	«Күздің әсем бояуы» сурет және табиғи материалдардан көрме	Көрме	Қыркүйек 2024 жыл	Әдіскер, топ тәрбиешілері
2	«1-қазан - Қарттар күніне» орай «Қарттарын қадірлеген ел – ардақты»	Ата-әжелерге арналған концерттік бағдарлама	Қазан 2024 жыл	Әліскер, топ тәрбиешілері, музыка жетекшісі, би жетекшісі
3	«Әкем, анам және мен»	спорттық сайыс	Қараша 2024 жыл	тәрбиешілер
4	«Балалар қандай әдеби ертегі кітаптар қарау керек»	Table talks: Аналар, әжелер қатысуымен	Желтоқсан 2024 жыл	Әдіскер, психолог
5	6 «Көңілді балалар» ата-аналардың қатысуымен Музыка жетекшісінің ұйымдастыруымен ашық апталық кештер	Шеберлік сағаты	Қаңтар 2025 жыл	Педагог-психолог, тәрбиешілер
7	«Ашық есік күні» Тәрбиешілердің күн тәртібіне байланысты ұйымдастырылған іс-әрекет жұмысын топта көрсетуі. Ата-аналардың қатысуымен	Ашық көрсетілімдер, бөбекжай ішінде саяхат	Ақпан 2025 жыл	Әдіскер, психолог
8	Наурыз мерекесіне байланысты әр топ арасында салт –дәстүр көрсету.	Ата-аналар, ата-әжелер қатысуымен	Наурыз 2025 жыл	тәрбиешілер
9	Ата-аналардың қатысуымен	Еңбек	Сәуір 2025	Әдіскер,

	аумақты көркейту бойынша жұмыстарды ұйымдастыру.	әрекеті, сенбілік ұйымдастыру	жыл	психолог
10	«Әке көрген оқ жонар» әке мен бала арасындағы топтық тәрбиелік сайысы	Сайыс	Мамыр 2025 жыл	Психолог, тәрбиешілер
11	«Вуылым алтын бесігім» ескерткіш аумағын қоқыстан тазарту Экскурсия өткізудегі ата-аналардың көмек көрсетуі.	Экскурсия, еңбек әрекеті	Маусым 2025 жыл	Әдіскер, психолог
12	«Жасанды интеллект технологиялары, балалар үшін пайдасы мен зияны»	TEDx	Шілде 2025 жыл	Әдіскер, психолог
13	«Альфа ұрпақтарына тәрбие беруде нені ескеру керек?»	Сұхбат, интервью	Тамыз 2025 жыл	Психолог, логопед

№ 04-1-04-3/4467-И от 29.06.2024

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
БАЛАЛАРДЫ ЕРТЕ ДАМУЫ ИНСТИТУТЫ**



**2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРЫ МЕН МЕКТЕПАЛДЫ
СЫНЫПТАРЫНДА ТӘРБИЕЛЕУ- БІЛІМ БЕРУ
ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ
ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ ХАТ**

**ИНСТРУКТИВНО-МЕТОДИЧЕСКОЕ ПИСЬМО
ПО ОРГАНИЗАЦИИ
ВОСПИТАТЕЛЬНО-ОБРАЗОВАТЕЛЬНОГО ПРОЦЕССА
В ДОШКОЛЬНЫХ ОРГАНИЗАЦИЯХ И ПРЕДШКОЛЬНЫХ
КЛАССАХ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
НА 2024-2025 УЧЕБНЫЙ ГОД**

Андыбаева Манат

2024 13:59

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі «Балаларды ерте дамыту институты» РММ Ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен (2024 жылғы 17 маусымдағы №5 хаттама) ұсынылады.

2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен жалпы білім беретін мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың мектепалды сыныптарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хат, Астана қ. 2024 ж. – 32 бет.

2024-2025 оқу жылына арналған Әдістемелік нұсқау хат меншік түрлері мен нысанына, ведомстволық бағыныстылығына қарамастан мектепке дейінгі ұйымдардың басшыларына, әдіскерлері мен педагогтеріне және мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың директорларының оқу ісі жөніндегі орынбасарларына, мектепалды сынып педагогтеріне арналған.

Құрметті әріптестер!

2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары (бұдан әрі - МДҰ) мен жалпы білім беретін мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың меншік түрлері мен нысанына, ведомстволық бағыныстылығына қарамастан мектепалды сыныптарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат (бұдан әрі-Әдістемелік нұсқау хат) қолданыстағы заңнама нормаларын сақтау, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын (бұдан әрі - Стандарт), Үлгілік оқу жоспарларын (бұдан әрі – Үлгілік жоспарлар), Үлгілік оқу бағдарламасын (бұдан әрі – Үлгілік бағдарлама) іске асыруға бірыңғай тәсілдерді қалыптастыру мақсатында әзірленді.

Әдістемелік нұсқау хатта:

- тәрбиелеу-білім беру процесін реттейтін негізгі нормативтік құжаттарды қолдану (сілтемелер);
- тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру;
- балаларға қазақ тілін үйрету;
- вариативтік білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру;
- экологиялық мәдениет негіздерін қалыптастыру;
- мерекелік шараларды ұйымдастыру;
- мектепалды даярлықты ұйымдастыру;
- «Балақайлар мектебі» бағдарламасы бойынша қысқа мерзімді мектепалды даярлықты ұйымдастыру;
- ата-аналарға арналған консультациялық пункттердің жұмысын ұйымдастыру бойынша ұсынымдар қамтылған.

Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда әрбір балаға қолайлы, әрі қауіпсіз орта құру басты назарда болуы тиіс.

Құрметті педагогтер!

Бұл Әдістемелік нұсқау хат Сіздерге алдағы оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін сапалы ұйымдастыруда әдістемелік қолдау көрсетеді.

1. 2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Жаңа оқу жылында Қазақстан Республикасының заңнамасына, Мемлекет басшысының және Үкіметтің тапсырмаларына, сондай-ақ Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған жаңартылған тұжырымдамасының негізгі ережелеріне ¹ (бұдан әрі – Тұжырымдама), білім беру саласының стратегиялық және бағдарламалық құжаттарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінде (бұдан әрі – МДТО) жұмыстың мынадай бағыттары өзектендірілді:

¹ <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249>

✓ жаңартылған Қағидаларға² сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласында қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарлама;

✓ МДҰ мен жалпы білім беретін мектептерде, лицейлер мен гимназияларда мектепалды сыныптарда балалардың қауіпсіз болуын қамтамасыз ету;

✓ балалармен, ата-аналармен және айналасындағылармен қарым-қатынас жасауда педагогикалық әдеп нормаларын қатаң сақтау, зорлық-зомбылықтың, буллингтің және балалардың құқықтарын бұзудың кез келген түрін болдырмау;

✓ Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсетудің жаңартылған қағидаларына³ сәйкес МДҰ-ға кезектілік пен жолдама беруді есепке алудың Бірыңғай базасы арқылы мемлекеттік қызметтерді іске асыру;

✓ отбасы мен тәрбиеленушілерді әлеуметтік-педагогикалық қолдау мақсатында мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылмаған балалардың ата-аналары үшін білім беру ұйымдарында консультациялық пункттердің қызметін кеңейту;

✓ «Балақайлар мектебі» бағдарламасы бойынша қысқа мерзімді мектепалды даярлықты ұйымдастыру;

✓ бастауыш сынып мұғалімі жеке оқыту траекториясын анықтау үшін мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, мектепалды даярлық бағдарламаларын меңгеру қорытындысы бойынша мектепалды жастағы баланың Жеке даму картасын қалыптастыру;

✓ өңірлік ерекшеліктер мен климаттық өзгерістерді ескере отырып, экологиялық білім беру сапасы мен тәрбиеленушілердің экологиялық мәдениетін арттыру;

✓ ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру, қазақ тілін меңгеруге ынталандыру;

✓ педагогтердің біліктілікті арттыру курстарынан өткізу арқылы мектеп жасына дейінгі балаларға қазақ тілін үйрету бойынша «Тілге бойлау» пилоттық жобасын іске асыру;

✓ МДҰ мен ата-аналар қауымдастығының ықпалдастығын нығайту, «Әжелер мектебі», «Әкелер мектебі», «Жас аналар мектебі» әлеуметтік институтын дамыту;

✓ МДҰ қызметінің басым бағытын айқындау, Даму бағдарламасын әзірлеу;

✓ МДҰ-ның сапаны бағалау өлшемшарттарына сәйкестігін

✓ 50% – ға дейін ұлғайту (2023 ж. - 25%);

✓ жаңа жүйе бойынша МДҰ педагогтерін аттестаттаудан өткізу;

✓ тәрбиеленушілердің білім алудағы жетістіктері негізінде педагогтің қызметін бағалау;

² <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500010194>

³ <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020883>

1.1 МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІН РЕТТЕЙТІН НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕР

2024-2025 оқу жылында мектепке дейінгі ұйымдар мен жалпы білім беретін мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың мектепалды сыныптары тәрбиелеу-білім беру процесін жүзеге асыруда келесі нормативтік құқықтық актілерді *басшылыққа алады*:

Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000414>

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>

«Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000293>

«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы»

Қазақстан Республикасының Заңы

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345>

«Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының

Заңы

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000306>

«Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы

<https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z020000343>

Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249>

Хабарламалар нысандарын және Мемлекеттік органдардың хабарламаларды қабылдау қағидалары

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500010194>

Жоспарлы профилактикалық екпелерді және ұжымдық иммунитеттің шекті деңгейін алмаған балаларды мектепке дейінгі ұйымдарға жіберу қағидалары

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000021832>

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000137>

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031>

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1200008275>

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600014235>

Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029329>

Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100023469>

Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі шарттары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2300033166>

Мектепке дейінгі ұйымдарға арналған білім беру қызметін көрсетудің үлгілік шарты
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013227>

Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V090005750>

Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормалары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013272>

Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидалары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020883>

Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесі
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020708>

Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесі
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020317>

Педагогикалық әдебиеттің кейбір мәселелері
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020619>

Мектепке дейінгі ұйымдарда Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары және оны сайлау тәртібі
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700015584>

Мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарын бейнебақылау жүйелерімен жарақтау стандарттары және оларға қойылатын талаптар
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1900018239>

Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидалары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200026618>

Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, қосымша білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидалары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200026513>

Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру

ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидалары

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017948>

Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтерді, тауарларды, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды жосықсыз берушілердің (әлеуетті өнім берушілердің) тізбесін қалыптастыру қағидалары

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017766>

«Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2300032368>

«Үздік педагог» атағын беру қағидалары

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020472>

Білім беру ұйымдары түрлерінің номенклатурасы

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1300008390>

Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидалары

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1200007495>

Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013317>

Педагогтік қайта даярлау қағидалары

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020147>

Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидалары

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020567>

Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200031053>

Мемлекеттік ұйымдар Педагогтерінің жалақысын есептеу қағидалары

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020622>

Білім беру ұйымдарына және олардың аумақтарына әкелуге тыйым салынған, оларда пайдаланылуы шектелген нәрселер мен заттардың тізбесі

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100022857>

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V080005229>

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің салалық көтермелеу жүйесі

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2400034309>

«Білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілерін ұйымдастыру және олардың жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2011 жылғы 1 желтоқсандағы № 503 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы және «Ұлттық білім беру деректер қоры» ақпараттық жүйесін қалыптастыру, сүйемелдеу, жүйелік-техникалық қызмет көрсету, интеграция және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 тамыздағы № 354 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2300033147>

Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге және балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидалары

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029323>

Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, қосымша білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілерін ұйымдастыру және олардың жұмыс істеу қағидалары

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1100007363>

Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беретін мемлекеттік ұйымдардың бірінші басшыларын ротациялауды жүргізу қағидалары

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100025128>

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, орта білім беруді, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беруді жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру қағидалары

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700016138>

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, орта білім берудің, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беруді жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру әдістемесі

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700016137>

Әдістемелік (оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік) кеңес қызметі және оны сайлау тәртібінің үлгі ережесі

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V070005090>

Өрт қауіпсіздігі қағидалары

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200026867>

Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200027414>

1.2 МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Үлгілік қағидаларға сәйкес МДҰ өз қызметін келесі кезеңдер бойынша жүзеге асырады:

- ✓ 1 қыркүйектен 31 мамырға дейін – оқу жылы (үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын игеру мерзімі);
- ✓ 1 маусымнан 31 тамызға дейін – жазғы сауықтыру кезеңі.

Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз және жайлы орта құру

МДҰ-да тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру үшін алдымен тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз және жайлы ортаның құрылуына ерекше назар аудару қажет.

Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына (бұдан әрі-Үлгілік қағидалар)⁵ сәйкес МДҰ-ның негізгі міндеттері:

- мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің өмірін және денсаулығын қорғау;

- тәрбиеленушілердің, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері және жеке мүмкіндіктері бар тәрбиеленушілердің дене, зияткерлік және жеке тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін оңтайлы жағдайлар жасау.

«Білім туралы» ҚР Заңы шеңберінде МДҰ басшысы ұйымды тікелей басқаруды жүзеге асырады, оқыту мен тәрбиелеудің, еңбек пен демалыстың салауатты және қауіпсіз жағдайларын жасауға, кадрларды іріктеуге, орналастыруға және қызметкерлердің нормативтік құқықтық актілерге сәйкес лауазымдық міндеттерін орындауын бақылауға жауапты болады⁶.

Балалардың құқықтарын бұзу жағдайларының жиілеуіне байланысты балалардың күні бөйбі қауіпсіз болуының алдын алу және ескерту үшін тәрбие-білім беру үдерісіне тиісті бақылауды қамтамасыз ету, алдын алу іс-шараларын уақтылы жоспарлау және баланың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жағдайларды жою жөнінде тиісті шаралар қабылдау ұсынылады.

Педагогтер балаларда барлық режимдік сәттерде қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруға ерекше назар аударуы керек.

Бұл маңызды!

Мұндай жағдайлардың алдын алу үшін «Мектепке дейінгі ұйымдардағы тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша әдістемелік ұсынымдар»⁷ тәрбиелеу-білім беру процесі, режимдік сәттер, аумақта болу және т. б. кезінде әзірленді.

Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқықтары мен саламаттылығын қамтамасыз ету жөніндегі 2023-

⁵ <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029329>

⁶ <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V090005750>

⁷ <https://irrd.kz/sites/irrd.kz/uploads/docs/2024/06/d1006.pdf>

2025 жылдарға арналған кешенді жоспарды іске асыруға сәйкес жаңа оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесіне енгізу үшін балалардың қауіпсіздігіне байланысты тақырыптар енгізіледі (4-қосымша).

Маңызды сапалы өзара іс-қимыл – бұл педагогтің әр баламен жеке қарым-қатынасы, баланың іс-әрекетіне және оның пікіріне шынайы қызығушылық, тыңдау, қолдау көрсету, жылы көзқарас таныту, топта/сыныпта эмоционалды жайлылық орнату, мүдделер мен қажеттіліктерді құрметтеу, жетістіктерге қуану, балалардың бастамаларын қолдау болып табылады.

Құбылмалы әлемде педагогтің үнемі даму, сұрақтар қою, дәлелдер іздеу, оларды сыни тұрғыдан талдау және шығармашылық эксперименттер жүргізу қабілеті маңызды. Педагогтер белсенді зерттеуші және балалармен жұмыс істеудің жаңа нысандарын жасаушы, жаңашыл және жауапты болуы тиіс.

Сонымен қатар, педагогтер тәрбиелеу-білім беру процесінде стандарттың талаптарын ескеруі, үлгілік жоспарының нормативтік оқу жүктемесін орындауы, үлгілік бағдарламаңы іске асыруы, тәрбиеленушілердің жасына, психофизиологиялық ерекшеліктеріне, қабілеттеріне, мүдделері мен қажеттіліктеріне сәйкес нысандарын, әдістерін, тәсілдерін, құралдарын қолдануы қажет.

Дамытушы орта құру

Тәрбиеленушілердің эмоционалды және физикалық жайлылығын, жан-жақты және толыққанды дамуы, балалардың әрекет түрлерін және бірге әрекет етуге қатысушыларды тандау мүмкіндігін, ойын аймақтарының қанықтылығын, қолжетімділігін, вариативтілігін және қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін дамытушы орта құрылады.

Дамытушы ортаны құруға ұсынымдар:

- Үлгілік бағдарламаны және білім беру (вариативтік, жеке, бейімделген, қосымша) бағдарламаларын іске асыруды қамтамасыз етуі;
- балалардың жастарына сәйкес болуы;
- барлық топтық бөлменің үй-жайлары, кабинеттер, ойындар мен ойыншықтар, материалдар, құралдардың тәрбиеленушілер, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін қолжетімді болуы;
- балалардың демалуына немесе онаша ойнауына, қолайлы эмоционалды жай-күйін дамытуға арналған орынды жабдықтау;
- ересек пен баланың бірге әрекет етуі үшін (заттар мен ойыншықтар, кітаптар, материалдар, құралдардың балалардың жасына және Үлгілік бағдарламаның мазмұнына сәйкес болуы) қанық, мазмұнды болуы;
- әртүрлілік (барлық тәрбиеленушілердің ойын, шығармашылық, зерттеу, танымдық әрекеттері мен қимыл белсенділігін соның ішінде ірі және ұсақ моториканы дамытуға, қимылды ойындар мен жарыстар ұйымдастыруға, балаларға қолжетімді материалдармен соның ішінде құммен, сумен эксперимент жасауға жабдықтардың (топта, дәлізде, ойын алаңында да болуы);
- балалар әрекеті түрлерінің вариативтілігі;
- көпфункционалдылығы (балалар жазназдары, жұмсақ модулдер, театрландырылған қойылымдарға арналған шымылдық, топта табиғи

материалдардың болуы);

- өзгермелі (балалардың қызығушылықтары мен мүмкіндіктеріне және тәрбиелеу-білім беру процесінің мазмұнына сәйкес ортаны өзгерту мүмкіндігі) болуы.

Топтық бөлмелерде мынадай қызығушылықты орталықтарын құруға болады:

- ұлттық құндылықтар;
- сюжетті-рөлдік ойындар;
- театрландырылған ойындар;
- демалыс орны;
- кітап бұрышы;
- құрастыру және робототехника;
- табиғат және ғылым;
- шығармашылық;
- мамандықтар әлемі.

Мектеп жасына дейінгі балаларды қазақ халқының тұрмыстық заттарымен және салт-дәстүрлерімен таныстыру үшін ұлттық құндылықтар кабинетін немесе орталығын ашу және:

- қазақ халқының тұрмыстық заттарымен, музыкалық аспаптарымен, әшекей бұйымдарымен, ұлттық киімдерімен және басқалармен жабдықтау;
- қазақ халқының ұлттық ойындарын («асық», «бес тас», «бестемше» және басқалар) ойнауға орындарды жабдықтау;
- кілем тоқитын, құмыра, ыдыс-аяқ жасайтын құралдармен жабдықтау;
- қыздардың шашын өретін, камшы өретін бұрыштар жасау;
- балаларға арналған түрлі шараларды өткізу үшін құралдармен жабдықтау, «Әжелер мектебі», «Әкелер мектебі» «Жас аналар мектебі» жұмыстарын ұйымдастыру үшін жағдай жасау ұсынылады.

Дамытушы ортаны жақсарту үшін Үлгілік бағдарламаның нұсқаулығын *пайдалану ұсынылады*⁸.

Тәрбиелеу-білім беру процесі:

- перспективалық жоспарға;
- циклограммаға сәйкес жүзеге асады.

Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгерту бойынша мониторинг жүргізіледі.

Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру үшін педагог ұйымдастырылған іс-әрекеттің Перспективалық жоспарын (бұдан әрі - Перспективалық жоспар) әзірлейді, апта сайын тәрбиелеу-білім беру процесінің Циклограммасын (бұдан әрі - Циклограмма) Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттар тізбесі 1- қосымшаға⁹ сәйкес құрады.

Перспективалық жоспарды Үлгілік жоспарлар мен Үлгілік бағдарламаға сәйкес жас тобында жұмыс істейтін педагогтермен,

⁸ http://irrd.kz/sites/irrd.kz/uploads/docs/2022/12/rukovodstvo_ru_131222.pdf

⁹ <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020317>

тәрбиешілермен (қазақ тілі мұғалімімен, дене шынықтыру (жүзу) нұсқаушысымен, музыка жетекшісімен) бірлесіп, жасайды. Перспективалық жоспарда оқу жылына арналған міндеттер бөлінеді, олар балалардың бағдарламаны игеруіне байланысты қайталануы, толықтырылуы, түзетілуі және өзгертілуі мүмкін.

Циклограмма әр аптаға құрылады, ол балаларды қабылдаудан бастап, түрлі балалар әрекеттерін, серуенді өткізуді, күндізгі ұйқыны ұйымдастыруды, балалардың үйге қайтуына дейін барлық режимдік сәттердің орындалуын қамтамасыз етеді.

Циклограмманың құрылымы МДҰ-ның күн тәртібіне сәйкес құрылады.

Циклограмманы жоспарлауға қойылатын **талаптар**:

- аптаның әрбір күніне Перспективалық жоспардағы ұйымдастырылған іс-әрекеттердің міндеттеріне сәйкес балалармен өткізілетін әрекет түрлерін **анықтау**;

- әрбір әрекет түрлерін өткізуде бағдарлама мазмұнын жүйелілік пен сабақтастық қағидасын **сақтау**;

- балаларды тәрбиелеу мен оқытуда инновациялық технологияларды, әдістер мен тәсілдерді **қолдану**;

- балалар әрекетін ұйымдастыру үшін жайлы дамытушы заттық-кеңістіктік орта **құру**.

Ұйымдастырылған іс-әрекет – Үлгілік бағдарламаның мазмұнын, оның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын (4-қосымша) қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген әрекеті.

Циклограмманың «Ұйымдастырылған іс-әрекет» бөлімін құрастыруда алдымен тақырыбы жазылады, егер болған жағдайда, ал тақырып болмаған кезде ойын немесе әрекет түрлері жазылады. Содан кейін Перспективалық жоспарда айқындалған міндеттерді іске асыру үшін әр күнге кіріктірілген ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері айқындалады.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттерді барлық топпен де, шағын топтармен де қызығушылық орталықтарында ұйымдастыруға болады.

Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізу кезінде педагог түсіндіруге уақытты көп бөлмей, оның орнына көрсетуге, балалардың әрекеттерді орындауына (іс-әрекеттерге, ойындарға, пікір алмасуға, зерттеулерге, шығармаларға, сурет салуға, шешім шығаруына) мән беруі қажет.

Педагог әрекетінің алгоритмі:

- балаларға айтып беру;
- балаларға көрсету;

- балалармен бірге орындау.

Ұйымдастырылған іс-әрекет тек топ бөлмесінде ғана емес, сондай-ақ жатын, қабылдау бөлмелерінде, арнайы кабинеттерде (*бар болған жағдайда*), дәліздерде, ойын алаңдарында және т.б. балаларға қауіпсіз, жайлы жағдайларда өткізу ұсынылады.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттердің, сондай-ақ режимдік сәттердің жүргізілуіне меңгеруші және әдіскер Әдістемелік нұсқау хаттың 1, 2, 3 қосымшасында берілген Бақылау парақтарына сәйкес бақылау жасайды.

3-қосымшаның 16-бағанында педагогпен өткізілетін жұмыс түрін (*жеке кеңес беру, ұсынымдар беру, тәжірибе алмасу және т.б.*) көрсетуге болады. 17-бағанда педагогтермен өткізілетін жұмыс бөлімінде барлық топтарда өткізілген бақылау нәтижелеріне сүйене отырып, жалпы МДҰ бойынша ұйымдастырылатын жұмыс түрін (*семинар, мастер-класстар, ашық есік күні және т.б.*) тандап, алдағы уақытқа немесе келесі жылға жоспарлау ұсынылады. Бұл әдістемелік қолдауды жүйелі түрде жүргізуге мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, Институттың сайтында Педагогтер үшін тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру, даму ортасын жарақтандыру, ұйымдастырылған іс-шараларды, режимдік сәттерді, бағыттар бойынша МДҰ жұмысын жүргізу, «Әжелер мектебі», «Аналар мектебі», «Әкелер мектебі» жұмыстарын ұйымдастыру бойынша негізгі құжаттар; іс-шаралар мен ертенгіліктер орналастырылған, отбасындағы балаларды тәрбиелеу және дамыту бойынша ата-аналарға арналған логопедтердің, психологтардың және мамандардың кеңестері; ойындар, сондай-ақ мектепалды даярлық бойынша ұсынымдар орналастырылған «Виртуалды әдістемелік кабинет» ашылды.

Виртуалды әдістемелік кабинетке сілтеме арқылы өтуге болады:

<http://irrd.kz/page/read/Konsultacii.html>

Балабақшалар жанында «Әжелер мектебін», «Аналар мектебін», «Әкелер мектебін» ұйымдастыру

Мектепке дейінгі білім беру сапасын арттыру үшін отбасы мен МДҰ-ның тығыз ынтымақтастығы қажет.

Ата-аналарды педагогикалық процеске тарту үшін: балаларды дамыту мен тәрбиелеуде отбасының және МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру, әр тәрбиеленушінің отбасымен серіктестік қарым-қатынас **орнату**;

ата-аналарды, тәрбиеленушілер мен педагогтерді өзара түсіністік, ортақ мүдделер, қарым-қатынасқа оң көңіл-күй және қайырымды өзара қолдау атмосферасын **құру**;

ата-аналармен және балалардың заңды өкілдерімен сындарлы ынтымақтастық орнату үшін педагогтарды **даярлау** қажет.

Бұл бағыттарды іске асыруда балабақшалар жанында «Әжелер мектебін» «Аналар мектебін», «Әкелер мектебін» ұйымдастырудың маңызы зор. Бұл шағын қауымдастықтың міндеті - ата-аналар мен балалардың арасында қарым-қатынас мәдениетін дамыту, өзара түсіністік,

екіжақты сыйластық, сыпайылық сақтау, мейірімділік таныту, үлгі болу (ата-аналар, педагогтер және басқалар үшін), ұрпақтар сабақтастығын тәрбие жүйесіне енгізудің тиімді жолдарын қарастыру.

МДҰ және отбасы тандемінде ұрпақтар сабақтастығының икемді және қолайлы жағдайларын жасай отырып, ұлттық дәстүрлер мен құндылықтар көзі болып табылатын өмір бойы жалғасатын процесс ретінде тәрбие мен оқытуды ұйымдастыру қажет. Қоғамда баланы тәрбиелеу және оның дамуы үнемі бірлескен әлеуметтік ортаға интеграцияланған. Бұл – ұлттық мәдени кодқа, іс-әрекеттің тәуелсіздігіне, Отан мен ана тіліне деген еркіндік пен мақтаныш сезіміне сүйене отырып, қазіргі заман жағдайында баланың бойында өмірлік дағдыларды қалыптастыру қағидатының негізі.

Бұл маңызды!

Педагогтерге көмек ретінде балабақшалар жаңында «Әжелер мектебін», «Аналар мектебін», «Әкелер мектебін» ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірленді, аталған әдістемелік ұсынымдарды мына сілтеме арқылы алуға болады:
http://irrd.kz/sites/irrd.kz/uploads/docs/metodicheskiye_razrabotki/2024/mrr_19.pdf

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізу

Мониторинг түрлі жас топтарының Үлгілік бағдарламада айқындалған күтілетін нәтижелерге педагогтің қол жеткізу деңгейлерін және педагогтің баламен жеке жұмыс жүргізуде алдағы әрекетін анықтауға мүмкіндік береді.

Балалардың дамуына мониторинг жүргізуде педагог:

- Стандарт талаптарын;
- Үлгілік бағдарламасының мазмұнын;
- Бақылау парақтары мен Баланың жеке даму картасын толтыру тәртіптерін;
- мектепке дейінгі педагогика мен психология әдістерін ескеру;
- мониторинг өткізу әдістерін (бақылау, ойын жағдаяттарын құру, ойын, әңгімелесу, ұрпақтар мен жасаулар, бейнелеу әрекеті нәтижелерін зерттеу);
- мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын меңгеру деңгейін есептеу әдістерін;

- ақпараттық-коммуникациялық технологияларды **меңгеру қажет.**

Мониторингтің критерийлері балалардың жасына сәйкес олардың физикалық дамуын, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларының қалыптасу деңгейін көрсетеді:

- 1) дене шынықтыру (ерекше білім беруді қажет ететін балаларға арналған бейімделген дене шынықтыру);
- 2) жүзу (жүзу бассейні болған кезде);
- 3) сөйлеуді дамыту;
- 4) көркем әдебиет;

- 5) сауат ашу негіздері;
- 6) қазақ тілі;
- 7) сенсорика;
- 8) математика негіздері;
- 9) құрастыру;
- 10) қоршаған ортамен таныстыру;
- 11) сурет салу;
- 12) мүсіндеу;
- 13) жапсыру;
- 14) музыка.

Мониторинг нәтижелерін алу әдістері:

- балаларды ұйымдастырылған іс-әрекеттер мен ойындар кезінде бақылау;

- әңгімелесу;
- балалардың салған суреттерін, қолдан жасаған бұйымдарын талдау және басқалар арқылы.

Жетекші әдіс – бақылау, педагог баланың дамуын табиғи жағдайда, күнделікті өмірде қадағалайды.

Мониторинг жылына 3 рет:

- бастапқы – қыркүйекте;
- аралық – қаңтарда;
- қорытынды – мамырда жүргізіледі.

Мониторинг жүргізу ерте жас тобында аралық, ал қалған топтарда бастапқы бақылаудан басталады. Ерте жас тобы Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын алғаш рет игеріп отырғандықтан, оларда бастапқы бақылау жүргізілмейді.

Басқа топтар (сыныптар) үшін бастапқы бақылау алдыңғы жастың Бақылау парақтарымен жүргізіледі (мысалы, ересек топ үшін ортаңғы топтың бақылау парақтары қолданылады). Ал аралық және қорытынды бақылау жүргізу үшін сол жасқа сәйкес бақылау парақтары қолданылады.

МДҰ өзінің вариативтік бағдарламасын іске асыру барысында таңдаған бағытқа сәйкес келетін мазмұн бойынша Үлгілік бағдарламаның мазмұны бойынша балалардың дағдыларының даму деңгейін анықтау мақсатында өткізілетін мониторинг сияқты вариативтік бағдарламаның күтілетін нәтижелері бойынша мониторинг жүргізіледі.

Ол үшін мониторинг жүргізілетін күтілетін нәтижелерге сәйкес вариативтік мазмұнның жоғары, орташа, төмен деңгейлері бойынша критерийлері мен индикаторлары бар бақылау парағы әзірленеді.

Мониторинг нәтижелері бойынша топ тәрбиешісі, мектептің (лицей, гимназия) мектепалды сыныбының педагогі жас тобында жұмыс істейтін басқа педагогтермен (қазақ тілі мұғалімі, дене шынықтыру (жүзу) нұсқаушысы, музыкалық жетекші) бірлесіп, оқу жылына баланың Жеке даму картасын (бұдан әрі – Жеке карта) толтырады. Жеке картада дамыту және/немесе түзету шаралары жазылады. Түзету шаралары критерийлер бойынша орташа және төмен деңгей көрсеткен балалармен жүргізіледі.

Бастапқы мониторинг нәтижелері бойынша шаралар (дамытушы, түзету) қазан-желтоқсан, аралық мониторинг нәтижелері бойынша шаралар ақпан-сәуір, қорытынды мониторинг нәтижелері бойынша шаралар маусым-шілде айларында жүргізіледі.

Қорытындыға Үлгілік бағдарламада белгіленген күтілетін нәтижелерге сәйкес баланың даму деңгейі көрсетіледі.

2024-2025 оқу жылынан бастап мектепке дейінгі білім беру мен бастауыш мектепті сабақтастыру мақсатында үлгілік бағдарламаны, топтар мен сыныптарды «Балақайлар мектебі» қысқа мерзімді мектепалды даярлау бағдарламасын игеру қорытындылары бойынша Баланың дамуының жеке картасы (бұдан әрі - ЖДК) әзірленіп, Ұлттық білім беру дерекқорында (бұдан әрі - ҰБДБ) іске асырылды. ЖДК мектеп алдындағы топтың тәрбиешісімен немесе жалпы білім беретін мектептің (лицейдің, гимназияның) мектепалды сыныбының педагогімен толтырылады және бала мектепке түскен кезде бірінші сынып мұғалімдері үшін мектеп жасына дейінгі баланың даму деңгейі туралы негізгі ақпарат көзі болып табылады.

Бұл маңызды!

Тұжырымдаманың іс-қимыл жоспарының 10-тармағын («Мектеп жасына дейінгі баланың жеке даму картасын кейіннен мектепке бере отырып, ҰБДБ базасында цифрлық форматқа ауыстыру») орындау үшін мектепке дейінгі ұйымдардың мектепалды топтары мен мектептердің (лицейлердің, гимназиялардың) мектепалды сыныптарының балаларына арналған «Контингент» бөлімінде толтыру үшін көрсеткіштер қосылды:

«Баланың дамуының жеке картасы»;

«Баланың Жеке даму картасын толтырған педагогтің ЖСН және аты-жөні»;

«Баланың Жеке даму картасын толтыру күні».

Осыған байланысты, ЖДК дұрыс толтырылуын бақылауды күшейту қажет.

Мектепке дейінгі ұйымдарда мерекелік шараларды ұйымдастыру

МДҰ-да атап өту үшін ұсынылатын мерекелер:

- Қазақстан халқы тілдері күні (5 қыркүйек);
- Республика күні (25 қазан);
- Жаңа жыл;
- Халықаралық әйелдер күні (8 наурыз);
- Наурыз мейрамы (21-23 наурыз);
- Қазақстан халқының бірлігі мерекесі (1 мамыр);
- Отан қорғаушы күні (7 мамыр);
- Халықаралық балаларды қорғау күні (1 маусым).

МДҰ-дағы мерекелер ата-аналар мен әкімшілік үшін «есеп беру шарасы» емес, бұл балаларға арналған мереке! Мерекені дұрыс жоспарлауға және өткізуге ерекше назар аудару керек, сонда ол әр баланың өміріндегі қызықты, есте қаларлық оқиғаға айналады, балаларға қуаныш сыйлайды.

Қазіргі уақытта толеранттылыққа, ұлттық әдет-ғұрыптарға, отбасылық дәстүрлерге, отбасы мүшелерін, еңбек адамдарын, Отан қорғаушыларды құрметтеуге және сыйлауға, ана тілін ілгерілетуге баса назар аударып отырып, мерекелерді өткізудің жаңа тұжырымдамасы белсенді іске асырылуда.

Балаларға арналған мерекелерді ұйымдастыруда әртүрлі нысандарды қолдану ұсынылады:

- квест;
- жоба;
- байқау;
- қолөнер;
- жарыстар;
- көрме;
- сахналық қойылым;
- фестиваль;
- концерт;
- жәрмеңкелер және т.б.

Сонымен қатар, ата-аналарды іс-шараларға қатысуға тарту, сондай-ақ ата-аналарға өз идеяларын жүзеге асыруға немесе қалауы бойынша осы іс-шараларды өздері ұйымдастыруға мүмкіндік беру ұсынылады.

Репертуарды тандағанда әр оқушының және жалпы топтың жасын ескеру қажет.

Мерекелердегі сахналық қойылымдар тәрбиеленушілердің монологиялық және диалогтік сөйлеуін, мәнерлеп оқуын, көркем қиялын дамытуға ықпал етеді, мәдениетке баулиды. Сахналық қойылымдарға арналған материалды тандағанда, балалардың жасына және жеке мүмкіндіктеріне назар аудару керек, сахналық қойылымдардың мазмұны қатыгездіксіз, дөрекіліксіз және зорлық-зомбылықсыз қызықты болуы керек.

Бұл маңызды!

